Қазақстанның білім беру жүйесін реформалаудың жаңа кезеңі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық Жолдауында, Үкіметтің, Білім және ғылым министрлігінің құжаттарында көрсетілген идеялар кешенін енгізуді талап етеді. Мұның мәні ҚР «Білім туралы» Заңында, «Білім» мемлекеттік бағдарламасында көрсетілгендей, қоғамның экономикалық және әлеуметтік жағынан ілгерлеуінің маңызды факторы ретінде білім берудің ұлттық моделін дамыту, шығармашыл тұлға қалыптастыруға дағдылану, ақыл-ой қорын жинау сияқты мақсаттарды көздейді. Бұл мәселе Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білім беруді дамыту Тұжырымдамасында: «Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру», – [3] деп атап көрсетілген.

Жалпы білім берудің қазақстандық моделінің негізі білім алушылар санасына өз халқының тарихи тамырын, рухани және адамгершілік қағидаларын, отансүйгіштік, азаматтық, ұлтжандылық идеяларын, басқа халықтарға деген ізгі көзқарастарын сіңіру қажеттілігі бүгінгі білім беру мен оқу-тәрбие үрдісінің басты қағидасы болып табылады. Қазіргі уақытта педагогика ғылымының бір ерекшелігі – білім алушының тұлғалық дамуына бағытталған жаңа оқыту технологияларын шығаруға ұмтылуы.

Педагогикалық технология – оқытушы мен білім алушының іс-әрекеттерінің біріккен жүйесі арқылы іске асатын, ақпаратты білім беру нәтижесі және рефлексия негізінде білім алуға бағытталған, бір үлгідегі педагогикалық жүйе. Аталған педагогикалық жүйенің мынадай құрылымы бар:

1) оқу және тәрбиелеу мақсатында нақты жүйелі дидактикалық, педагогикалық зерттеу жүргізу;

2) оқушы меңгеруге тиісті ақпарат мазмұнын толықтыра отырып, жүйелеу;

3) қажетті дидактикалық, техникалық оқу құралдарын дұрыс қолдануын қадағалау;

4) тәрбиелеу және диагностикалық оқыту жүйесін дамыту;

5) білім алушыларға жоғары деңгейде сапалы білім беру.

Оқытудың жаңа педагогикалық технологиясын меңгеру оқытушыдан білім мазмұнын анықтайтын «Инновация», «Педагогикалық инновация», «Технология», «Педагогикалық технология» сияқты негізгі факторларды жан-жақты терең білуді қажет етеді. Жаңа технологияның педагогикалық негізгі қағидалары төмендегідей:

- білім алушыларға ізгілік тұрғысынан қарау;
- білім беру мен тәрбиенің бірлігін ұштастыру;
- білім алушының танымдық қабілетін қалыптастыру және дамыту;
- білім алушының өз бетімен әрекеттену белсенділігін ұштау;
- білім алушының танымдылық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- барлық білім алушының жан-жақты дамуы үшін жүйелі жұмыс түрлерін жүргізу;
- білім алушының қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай білім беру.

Білім беру саласындағы технологиялық идеялар туралы терминді шетел ғалымдары 1960 жылы «педагогикалық технология» деген атаумен ғылымға енгізді. Педагогикалық технологиялар туралы сан алуан пікірлер мен тұжырымдар бар. Атап айтқанда, В.Беспалько: «Педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы, ал педагогикалық жағдайларға сай қолданылатын әдіс-

тәсілдер оның құрамдас бөлігі» десе, ғалым Э.М. Роджерс инновацияны: «Инновация – нақтылы бір адамға жаңа болып табылатын идея», – деп түсіндіреді. Педагогикалық технология М.В.Клариннің анықтауында: «Педагогикалық мақсатқа жету үшін пайдаланылатын барлық дара, инструменталдық және әдіснамалық құралдардың қолдану реті мен жиынтығының жүйесін білдіреді». Ғалым-академик В.М.Монахов оқыту технологияларының практикадағы қолданыс аясын тереңірек зерттей келіп, оны жаңаша қырынан танытады. Ғалымның пікірінше: «Технология – оқушы мен ұстазға бірдей қолайлы жағдай тудырушы оқу процесін ұйымдастыру және жүргізу, бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған үлгісі». Сондай-ақ А.И.Пригожин инновация ұғымын былай түсіндіреді: «Белгілі бір мақсатқа бағытталған өзгерістерді, қоғамдық топтарды ұйымдастыру, жаңадан тұрақты элементтерді нақтылы әлеуметтік тұрғыдан енгізу» [4].

«Педагогикалық технология» ұғымы қолданысқа ену барысында педагогикада екі бағыт:

- оқу үрдісінің барлық саласында техникалық құралдарды пайдалануға бағытталған «білім саласындағы технология» немесе «оқыту технологиясы»;
- оқу үрдісінің өзін технологияландыру немесе «оқытуды технологияландыру», яғни «педагогикалық технология» пайда болды.

Болашақ мұғалімдерді даярлау қай уақытта да ең өзекті мәселелер қатарына кіретіні белгілі. Олай болатыны қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттері заманына сай өзгерістерге ұшырап, өскелең ұрпақты оған лайықтап өмірге бейімдеудің жаңа талаптары туындап отырады. Бүгінгі студент – ертеңгі маман жоғары оқу орындарында жүріп жаңа педагогикалық технологиялар негізімен танысады және оларды сабақ беру үрдісінде пайдалануды үйренеді. Білім берудің жаңа технологияларын меңгеру болашақ мұғалімнің кәсіби даярлығының қажетті және маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Қазіргі заман ағымына сай кез келген жоғары оқу орындарының мақсаты – жаңа технологияларды меңгерген, оларды тиімді қолдана білетін мамандар даярлап шығару. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді. Бұл:

- 1) болашақ мұғалімдерді ақпаратты қоғам жағдайында оқып білім алуға, өмір сүруге бейімдеу;
- 2) жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияға бейімделген білім берудің ғылыми-әдістемелік базасын жасау, білім беру жүйесін жақсарту;
- 3) дүниежүзілік ақпараттық білім кеңістігіне орта білім беру мен жоғары білім беру жүйесін сәйкестендіре отырып кіріктіру;
- 4) білім берудің иллюстративтік түсіндірмелі жүйесін дамыта оқыту жүйесіне енгізу;
- 5) оқыту үрдісінде білім алушының шығармашылығына негізделген оқыту әдістерін пайдалануға түбегейлі көшу.

Бүгінгі ғылыми-техникалық прогрестің қарқындап дамуы кезінде өндірісті автоматтандыру, компьютерлендіру мәселесімен тығыз байланысты өркендетіп отырған өтпелі кезеңде білім алушыларға ғылым негіздерін меңгеруде білімді әлемдік стандартқа жақындату, оқытудың мазмұны мен әдістерін жаңарту арқылы білім сапасын көтеру мемлекеттік мәселе болып отыр. Осыған орай, ғаламдану заманында, әсіресе, білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен түбегейлі жаңарулар дәуірінде жоғары оқу орындары педагогтерінің алдында тұрған мақсат пен міндеттің жүгі ауыр болмақ. Қазіргі дамыған қоғамда оқытушылардың алдындағы басты міндеттің бірі – білім берудің әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру, жан-жақты қабілетті, яғни құзыретті болу. Ал құзыреттілік кез келген кеңістікте табысты және шұғыл әрекет жасайтын адамның қабілеттілігі деген мағынаны білдіреді. Ғалым А.Хуторской «компетенттілік», «компетенция» ұғымдарына төмендегідей түсінік береді: «Компетенттілік – адамның сәйкес компетенцияны меңгеруі, иеленуі, «компетенция – өзара байланысқан тұлғалық сапалардың жиынтығы, адамның мәселелерден жақсы хабардар болуы,

танымдарды және тәжірибелерді меңгеру аумағы». Қазақстан Республикасының жаңа формация мұғаліміне арналған Тұжырымдамада ұстаз туралы: «Білім алушылардың іс-әрекетін ұйымдастыра білетін, одан тиісті нәтиже шығара алатын, кемшіліктерді түзей білетін, бір сөзбен айтқанда, құзыретті тұлға», – [5] деген баға берілген. Құзыреттілік – адамның меңгерген білім мен тәжірибесін түрлі өмірдегі жағдайларда қолдана білу қабілеттілігі, яғни білім мен жағдайдың арасындағы байланыс немесе мәселені шешу үшін қажетті қабілеттілік. Қазіргі педагогтің кәсіби біліктілігін, құзыреттілігін көрсететін бір өлшемі – инновациялық мәдениеті.

Инновациялық мәдениет – педагогика үрдісінде жеке тұлғаны қоғам талабына сай дамытуға, оның әлеуметтік тұрғыдан қабілетін арттыруға бағыттау, үйрету, тәрбиелеу, білім мазмұнын өмір талабына сай жаңашаландыру, оқытушы мен білім алушының қызметін өзара біріктіру. Білім алушы бойында құзыреттілікті қалыптастыру оның тәжірибесі мен іс-әрекетіне және белсенділігіне, ортамен қарым-қатынасына негізделеді. Әр білім алушының қабілеті мен талантын, өз-өзіне сенімін нығайтуға жол ашу – бүгінгі білім беру саласының басты міндеті. Осыған орай инновациялық мәдениеттің негізгі шарттары төмендегідей жүйеленеді:

- білім берушінің өзінің алдында отырған білім алушыны өзімен тең ұстауы;
- білім берушінің білімділігі мен өзін-өзі ұстау мәдениеті;
- білім алушылардың жан-жақты дамуына барынша жағдай жасай білуі;
- психология мен педагогика заңдылықтарын терең білуі;
- білім әлеміндегі жаңалықтарды меңгеруі және оны білім беру үрдісінде қолдана білуі.

Педагогтің инновациялық мәдениетінің бірнеше түсініктемелерін саралап көрсетуге болады. Атап айтқанда:

- бірінші, қазіргі заманғы білім беру ісіндегі жүріп жатқан жаңалықтардан хабары мол, өз пәнін жетік білуі және жаңа, озық іс-тәжірибеден өз қажетін тауып, қажетіне қарай жарата білуі, кәсіби шеберлігін үнемі ұштап жүруі, білім кеңістігіндегі жаңалықтарды қабылдауы және оны өз пәнін оқыту барысында енгізіп, қолдана білуі педагогтің кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігін танытады;

- екінші, педагогтің білім алушымен қарым-қатынасы, яғни білім алушыға тапсырманы бұйыра орындату емес, білім алушыны өзіне тең тұтып, тапсырманы мәжбүрлі түрде емес, ерікті түрде орындауға жағдай жасауы педагогтің мәдениеттілігін, ішкі жан-дүниесінің байлығын байқатады;

- үшінші, педагогтің білікті де білімді болуы, орынды талап қоя білуі білім алушының құрметін, сыйластығын тудырады;

- төртінші, педагогтің өз пәніне білім алушыларды қызықтыра білуі, сабақ барысында жаңа инновациялық технологияларды, оқытудың белсенді әдістерін ұтымды пайдаланып, білім алушылармен бірлесе, ынтымақтаса сабақ өткізу де инновациялық мәдениет көрсеткіші болып табылады.

Инновациялық мәдениеттің құрамдас бөлігінің бірі – оқытудың педагогикалық технологиясы болып табылады, өйткені педагогикалық технология білім алушы мен білім беруші үшін бірдей қолайлы жағдай тудыратын оқу үдерісін ұйымдастыру және оны жүргізу, яғни бірлескен педагогикалық әрекетті жобалаудың жан-жақты ойластырылған тиімді үлгісі ретінде сараланады. Білім беру саласындағы жаңа парадигма, жаңа модель білім алушының құзыреттілігін қалыптастыруға негізделеді. Ол жоғары оқу орнын бітірген жас маманның қоғамға тез сіңіп кетуін, әлеуметтік көзқарасының дұрыс қалыптасып, жоғары оқу орнында алған білімін өмірде қажетіне жарата білуін көздейді. Білім беру жүйесін демократияландыру, оқу-тәрбие үрдісін ізгілендіру т.б. білім берудің негізгі ұстанымдарын жүзеге асыру білім берушіден инновациялық жаңаруды, инновациялық мәдениетті талап ететінін өмір көрсетіп отыр.

Білім және ғылым саласын ақпараттандыру Қазақстан Республикасында қабылданған білімді дамыту Тұжырымдамасының басым бағыттарының бірі болып саналады. Білім кеңістігін ақпараттандыру білім сапасын арттыруға және болашақ мамандардың кәсіби

білімділігін көтеруге негізделген. Мультимедиялық-телекоммуникациялық мүмкіндіктердің артықшылықтарына бағытталған қазіргі кездегі компьютерлік технологияның даму деңгейі сапалы және бәсекеге түсуге білімді қамтамасыз ететін алғышарттар болып табылады.

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жолға қойылып, әлемдік білім беру кеңістігіне ену мәселесі кең қарқынмен дамып келе жатқанда қоғамның экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік дамуына үлес қосатын, әлемдік өркениеттің талабына сай білімді, мәдениетті, жоғары интеллектуалдық мүмкіншіліктері мол маман өсіріп шығаруда педагогтің құзыреттілігі мен инновациялық мәдениеті негізгі ұстаным болмақ.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1979-1985.
2. Қазақстан Республикасының Білім туралы заңы. – Астана: Ақорда. 2007 ж., 27 шілде.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білім беруді дамыту Тұжырымдамасы. – Астана, 2004.
4. Иманбекова Б. Оқытудың негізгі формасы. – Алматы, 2003.
5. Қазақстан Республикасының жаңа формация мұғаліміне арналған Тұжырымдамасы. – Астана, 2004.
6. Тұрғынбаева Б. Дамыта оқыту технологиялары. – Алматы, 2007.
7. Қоянбаев Ж.Б. Педагогика. – Алматы: Атамұра, 2000. – Б. 384.

РЕЗЮМЕ

*Медеубаева К.Т., к.п.н., старший преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)*

КОМПЕТЕНЦИЯ И ИННОВАЦИОННАЯ КУЛЬТУРА БУДУЩИХ ПЕДАГОГОВ

В статье рассмотрены актуальность и значимость структуры инновационной культуры педагогов, педагогическая компетенция и использования инновационных технологии как основной показатель педагогических компетенции в сфере образования.

Ключевые слова: педагог, педагогическая инновация, технология, компетентность, профессиональная квалификация.

SUMMARY

*K.T. Medeubayeva, candidate of pedagogical sciences, senior lecturer
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

COMPETENCE AND INNOVATION CULTURE OF FUTURE TEACHERS

The article discusses the relevance and importance of the structure of the innovation culture of pedagogical competence of teachers and the use of innovative technology as the main indicator of pedagogical competence in the field of education.

Keywords: teacher, pedagogical innovation, technology, competence, professional qualification.

ӘОЖ 78

ҚАЗАҚ КЛАССИКАЛЫҚ ОПЕРА ХОРЛАРЫН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ ЖОЛДАРЫ

*Н.Т. Айнабекова, магистр, оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақала болашақ музыка мұғалімін белсендірудің жолдарын анықтауға, оның ішінде ұлттық хор репертуарының атқаратын рөлі мен алатын орнын нақтылауға арналған. Музыкалық білім беруде музыка мұғалімінің басты мақсаттарын айқындайды.

Түйін сөздер: опералық хорлар, қазақ ұлттық операсы, оқу үдерісі.

Хор өнері ежелгі заманнан батыс еуропа, орыс халықтарында бастау алып дамыған өнер түрі болып табылады. Әу бастан хор өнері шіркеулерде және діни ұйымдарда қарқынды дами бастады. Келе бара хор өнеріне деген қызығушылық артып, бұл өнер түрі халық арасында қарқынды дамыды.

Қазақ халқы профессионалды хор өнерімен ХХ ғасырдың басында танысып, сол кезден бері хор өнері халқымыздың бірден-бір ажырамас жанрларының бірі болып келеді. Хор өнері аса қарқынды даму кезеңін кеңес дәуірінде барлық социалистік елдер қатарында бастан кешірді. Алғашқы қазақ опералары жазылып, оларға хор енгізілді. Алғашында примитивті түрде халық әндерін имитациялау ғана болып басталып, кейіннен профессионал композиторлардың шеберлігінің дамуына байланысты өте күрделі де ұлттық нақышта жазылған шығармалар болып табылды.

Егемен еліміз тәуелсіздік алып, көк байрағын көтергеннен бері жаңа буындағы жас композиторларымыз хорға арнап шығармалар жазуда. Бастамасын қазақ ұлттық хор өнеріне зор үлес қосқан қазақ композиторы Б.Байқадамовтан алған қазақ халық әндері мен күйлерін хорға арнап өңдеу де өз жалғастырушыларын табуда. Дегенмен, хор өнері қазақ халқының ежелгі заманнан келе жатқан төл өнері болып табылмағандықтан, қазақ ұлттық репертуарымен жұмыс жасауда және оны дамытуда көптеген сұрақтар туындайды. Бұл тақырыптың өзектілігі хор өнеріндегі қазақ ұлттық репертуарын игерудегі дұрыс жолдарды табу болып табылады.

Тәуелсіз еліміздің туы биіктен желбіреген бүгінгі күні Қазақстандағы ұлттық опера өнері – Еуропа мәдениетінің биік өнер түрлерінің мәдениетімізге сіңіру жолының бірі болып табылады. Опера өнері структурасы, формасы жағынан Еуропа өнеріне негізделсе де, қазақ операсының өзіндік ерекшеліктері мен ұлттық қасиет пен ұлттық менталитетке тән өзгешеліктері баршылық. Бұл жанрдың мазмұны орыс және Еуропа мәдениеті үдерісі негізінде ұлттық фольклорымызды кең қолдана отырып, халықтық мұраны жаңғырту болып табылады.

Қазақстанның ұлттық операсы – халықтың рухани қазынасындағы белгілі бір дәрежедегі жаңаша көркемдік құбылыс. ХХ ғасырдың басында ғаламдық, қоғамдық және әлеуметтік қиыншылықтар тұсында туындаған қазақ операсы кейінгі онжылдықтарда жоғары дәрежедегі адамгершілік функцияларды атқарып, өз дәуірінің көркемдік және эстетикалық белгілеріне сай келіп, заманауи музыка мәдениетінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды.

Музыка, әдебиет және сахна өнері сияқты аса маңызды үш үлкен саланың жиынтығынан тұратын жанрдың басымдығы ғасырлар бойы жинақталған фольклор мұрасының дәстүрлерін қолданумен (ауыз әдебиеті, прозалық, музыкалық және орындаушылық), орыс классикалық, батысеуропалық өнердің және заманауи көркемдік үдерістің ұтымды үйлесуімен байланысты. Тарихи оқиғаларды көрсетудің ауқымдылығы мен

мәнерлілігі жағынан опера жанры «өмірлік маңызы бар сұрақтарды шешудің жоғарғы сатысы» ретінде көрінеді (А.Герцен бойынша).

Академик Б.В.Асафьев «композиторға қоршаған әлеуметтік ортаға опера арқылы шығу оңайырақ тиеді, ол әрекеттерінің, сюжеті мен түрлерінің ерекше байлығы арқылы қиялды жетілдіріп, нақты нәрселерге бағыттайды, оған қоса театрлық-драмалық ортадағы адам дауысының эмоционалды әсеріне қарай адамдармен тілдесу жеңілірек болады», – деп атап көрсеткен.

Қазақстанда операның қоғамдық жаршы ретіндегі рөлі жаңа мәдениеттің белсенді құрылысы тұсында айтарлықтай дәрежеде анықталды. Шынайы өмір құбылыстарын терең әрі жан-жақты көрсетуі, елеулі идеялар мен образдарды жүзеге асыра білу қабілеті, халықтың бай музыкалық мәдениеті мен көп салалы байланысы арқылы осы жанр халықтың рухани өмірінде жетекші орынға ие болды. Опера жазған ұлы композиторлардың бірі П.И.Чайковский жанрдың кең мүмкіндіктерін анықтай отырып, былай деген: «Опера және тек қана опера сізді адамдармен, сіздің музыкаңызды нағыз қауыммен жақындастырады, сізді жекелеген шағын үйірмелердің ғана емес, жағымды жағдай туса, бүкіл халықтың игілігіне айналдырады». П.И.Чайковскийдің айтып кеткен «жағымды жағдайы» Қазақстанда өткен ғасырдың 30-шы жылдары қалыптасқан. Опера жанры табиғатынан ұлтаралық бола отырып, ұлттық және адами даму заңдылықтарын тану жағынан маңыздылардың біріне айналды.

Қазақстанда опера жанры Таяу Шығыс пен Орта Азия елдеріндегідей үлкен шығармашылық табыстар мен көптеген ауыртпалықтарды бастан кешірді. Жарты ғасырға жетпейтін уақыт аралығында пайда болған 60 қазақ операсының кейбіреулері бірқатар объективті және субъективті себептерге байланысты сахнада көрініс таппады, екіншілері репертуарда ұзақ сақталмады, ал үшіншілерінің өмірі тұсаукесерден кейін-ақ тоқтаған. Тек кейбіреулері ғана жоғары кәсіби деңгейлі композиторлық мектепті және халықтың көркемдік-эстетикалық құндылықтарын көрсете отырып, ұлттық музыка мәдениетінің алтын қорына енген.

Қазақстанда опера жанрының қалыптасуы, дамуы және өзгеруі әлемдік классикалық опера өнерінің қалыптасқан түрлері мен типтерінің әсерімен дәстүрлі қазақ мәдениетінің образдық және жанрлық ерекшеліктеріне сәйкес жүзеге асып отырған. Бұл құбылыстың табиғаты Қазақстандағы опера өнеріне тарихи қалыптасқан динамиканың үздіксіздігімен және интегративті үрдістермен сипатталады.

Опера жанры дамуының барлық кезеңдерінде әндік-инструменталды фольклордың дәстүрлі жанрлары мен формаларын түрлендіру басты музыкалық-стильдік белгісі болып табылады. Олардың нақты қолданылуының дәрежесі уақыт ағымы мен ұлттық опера мектебінің даму деңгейіне байланысты терең үдерістерге, көптеген факторларға тәуелді. Жалпы, әрбір қазақ операсы синтезін құрайтын бөліктердің әртүрлі арақатынасына негізделеді. Шығармалардың дәстүрлі үлгілерін ауыстырып отыру немесе олардың әртүрлі нұсқаларын араластыру нәтижесінде авторлар біртума жанрлық жаңа туындылар шығарған.

Мәселен, өткен ғасырдың 30-40-шы жылдары алғашқы опера шығармаларын жасауда халық музыкасын цитаттау әдісін қолдану басым болғаны тарихи тұрғыдан заңды және түсінікті. Орта Азия елдерінің (өзбек, қырғыз, түркімен және тәжік) ұлттық мәдениеттерінде музыкалық фольклорды осындай жолмен қолдану өздерін жан-жақты танытуға, кейінірек өз болмысын көрсету және көркемдік мүмкіндіктерін барынша қолдану ұлттық опера стилистикасының жаңашыл үрдістеріне негіз болды. Архитекtonика, музыкалық драматургия қағидалары түрленіп дамыды, әуендік-интонациялық құрылым, ладо-ырғақтық үйлестіру кеңіп, тереңдей түсті, жанр негізі түрленді.

Опера өнерінің шарықтау шыңы деп республиканың халық әртістері, алғашқы ұлттық авторлар А.Жұбанов пен Л. Хамидидың «Абай» операсын (1944 ж.) және ұлттық опера өнерінің мұражайына айналған, КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болған (1949ж.) КСРО халық әртісі М. Төлебаевтың «Біржан мен Сара» операсын (1946 ж.) айтуға болады.

Музыка драматургиясының жаңа үрдістері кейінгі жылдардың опералық туындыларынан байқалады. Мысалы, ертеректе «Қыз Жібек» пен «Жалбырда» орын алғандай, Е. Брусиловскийдің «Дударай» операсында (1953 ж.) аралық образдық мәндік бағыт цитата тілімен де, лейтинтонациялы дамумен де ұштасады. Мария Рыкинань (1887-1950) осы аттас әніне негізделген опера лейттақырыбы ауқымдылыққа ие бола отырып, кейбір жағдайлардың өткірлігін күшейту арқылы, опера кейіпкерлерінің әртүрлі психологиялық күйлері мен қылықтарына сай, сюжетке үйлестіріліп енгізілген.

Опера өнердің барлық түрлерінің (музыкалық, драмалық, балет, көркем және орындау) синтезі ретінде кейінірек айтарлықтай өзгерістерге ұшыраған. Оның өзгерістері әсіресе дәстүрлі мәдениетпен генетикалық байланыстағы, терең әрі көп аспектілі түрдегі жан табиғатының эволюциясынан айқын байқалады. Көркем үдерістерінің осы үрдісі ең алдымен сюжетті-тақырыптық негіздегі, батырлық, романдық және тарихи эпостық сияқты ауыз әдебиет фольклорының үлгілерінен алынған идеялар мен мотивтерден көрініс табады. Себебі эпос халық шығармашылығының таптырмас қазынасы бола отырып, рухани мәдениетінің таусылмас қорын құрайды. Заманымыздың ірі жазушысы Мұхтар Әуезов «Халық – жыршы, халық – ақын, ол ежелден бойындағы ақындық даналығының бар күшімен өз рухын өшпес туындыларында – эпостық поэмаларда, көптеген және алуан түрлі халық әндерінде көрсеткен» деп өте орынды айтып кеткен.

Халықтың эпостық мұрасына бет бұру – Қазақстандағы опера өнерінің даму тарихындағы заңды құбылыс. Эпостық сюжеттер мен образдарды игеру, олардың көркем ерекше әлемін тану қазақ операсының ұлттық стилі мен өзіндік өзгешелігін сипаттайтын басты ерекшелік. Эпостық тақырып «Ер Тарғын», «Бекет», «Алпамыс» операларында, «Қамбар мен Назым», «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ақсақ құлан» балеттерінде және т.б. жан-жақты көрініс тапқан.

Қазақ операсының көркемдік құндылығы мен тарихи маңыздылығы оның ұлттық классикалық әдебиетпен органикалық байланысында жатыр, бұл – жоғары бағаланатын ерлік пен лирикалық мотивтер, тарихи болмыс пен таңғалдырар сюжеттер, заманымыздың толғандырар оқиғалары, ұлт-азаттық қозғалыстарды суреттейтін көріністер мен қазақ жазба әдебиетінен алынған ұлттық мінездің, тұрмыс пен образдардың, менталитеттің ерекшелігі. Олар Мұхтар Әуезовтың «Абай», «Бекет», «Еңлік-Кебек», Бейімбет Майлиннің «Жалбыр», Сәбит Мұқановтың «Алтын астық», Ғабит Мүсіреповтың «Амангелді», Сәкен Сейфуллиннің «Көкшетау», Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Қамар сұлу», Хамит Ерғалиевтың «Құрманғазы», «Махамбет» (операның либреттосында Махамбет Өтемісовтың ақындық мұрасы қолданылған) және тағы басқа да шығармаларда айрықша көрініс тапқан.

Қазақ операсы сюжеттерінің, музыканы көрсету тәсілдері мен тіл семантикасының концептуалды негізі халықтың көп ғасырлық көркем мәдениетінен – ақындық, прозалық, музыкалық фольклорынан және орындаушылық өнерінен алынған. Олар қазақ операсының композициялық, жанрлық және тілдік құрылымының анықталуына негіз салған. Халық шығармашылығында шоғырланған тәсілдердің алуан түрлілігі, театрландыру және симфониялау элементтері («аспапты музыка саласы»), ән айту мәдениетінің музыкалық-сөйлесу икемділігі және эмоционалдығы опера белгілеріне ие бола отырып, Қазақстандағы осы жанрдың ұлттық негіздеріне айналған.

Академик, музыкатанушы Борис Асафьев «Негізі музыканы халық шығарады, ал біз тек өңдеушіміз» деп кеткендей, қазақ операсындағы хорлар негізінен қазақ халқының әндерінің негізінде жазылған. «Музыкалық білім» мамандығында оқып жүрген студенттер хорларының репертуары көбінесе аса әйгілі Евгений Брусиловскийдің «Қыз Жібек», Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» және Латиф Хамиди мен Ахмет Жұбанов бірлесіп жазған «Абай» операларынан хорлар болып табылады. Неге студенттік хор репертуарынан осы опералар жиі көрінеді деген сұрақ туындайды. Бұл опералар біріншіден қазақ операсының классикасы болып келеді. Екіншіден, ішіндегі хорлардың әуені халық әндеріне негізделген. Үшіншіден, осы опералардағы хорлар фактурасы мен хордың жалпы структурасы жағынан өте ұтымды, музыкалық білімі жоқ студенттердің қабылдауына лайық болып келеді.

Хор класы пәні студенттер үшін тек қана жетекші таңдаған шығармаларды орындаумен шектелмейді. Бұл шығармаларды нақышына келтіріп орындау мақсатында, шығарманың түп тереңдігі мен поэтикалық мәтініне үңіліп, музыкасының көркемдік ерекшеліктерін жеткізуге ұмтылған кезде берілген шығарманың өздеріне де тигізетін әсерін ұмытпаған жөн. Сондықтан, бүгінгі күнде болашақ музыка пәнінің мұғалімін даярлауда қазақ халқының ұлттық қасиеттерін сіңірудің бірден-бір жолы, қазақ ұлттық опера өнерімен толығырақ танысып, осы опералардан хорларды репертуарға көбірек енгізу болып табылады.

Мысалы «Хор класы және хормен жұмыс жасау практикумы» пәні бойынша типтік оқу бағдарламасына негізделе отырып, көлемді шығармаларды сәйкестендірсек: қазақ ұлттық хорлары 30 пайыз (8 шығарма), ал басқа ұлт шығармалары – 70 пайыз (14 шығарма) құрайды. Әрине, музыка өнеріндегі жұртшылық репертуарын өзгертіп, жаңа, қызықты, ұтымды шығармаларды іздеумен болғандықтан дәл осы типтік бағдарламадағы шығармаларды ғана өз репертуарына енгізеді деуге келмейді, бірақ опера жанры ән секілді күнде жазыла беретін жанрға жатпайды. Бұл типтік бағдарламада берілген шығармалар, хор өнерінің классикасы болып табылып, хор класындағы репертуардың өзгермейтін дінгегі болып келеді. Бұл қазақтың студенттік хорлар орындай алатын деңгейде жазылған опералық хорлардың аздығын көрсетеді. Ұлттық опералардан нөмірлер орындау ұлттық қасиеттерді насихаттаудың бірден-бір жолы болып келеді. XX ғасырдың 30-40 жылдарында жазылған алғашқы операларға халықтық музыканы кең қолдану әдісі тарихтың көзімен қарағанда дұрыс болды, әрі өзін ақтай алды.

Қазақ халқының және де бүкіл түркі халықтарының музыкасы монодиялық бағытта өрбігені белгілі. Ән де, күй де бар еді, әнші де, күйші де бар еді. Бірақ бұлардың бірде бірі опералық түрде жанаспаған, өзінің байырғы қалпында жеке-жеке өскен, жеке-жеке орындалып келген. Дала өнері, дала дәстүрі, дала менталитеті еуропалық дәстүрмен жанасып, қазақ операсы туындады. Халқымыз үшін хор өнері жат жанр десек те, той жиындарда, қыздар мен жігіттер айтыстарында бір дауыста қосылып ән айту жанры болған. Опералық хор – бүгінгі операның негізгі компоненттерінің бірі. Әр операның хоры сол опера жазылған уақытына, тақырыбына, жанрына байланысты әртүрлі болып келеді. Кейбір операда тек қана декорациялық рөл атқарып, сахна сәнін келтіруші ғана болса, кейбір операларда негізгі кейіпкерге айналады. Б. Асафьев операдағы хорды «негізгі қасандық және халықтық пен демократияның бекітілуі» деп қарастырды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жакеева Б.К. Хор жүргізу. – Алматы: Өнер, 1988.
2. Джердималиева Р.Р., Балагазов С.Т. Личностно ориентированная позиция педагога музыканта в работе с хором.
3. Джумакова Р., Кетегенова Ж. Казахская музыкальная литература. – Алматы: Гылым, 1995. – 255.
4. Айдарбекова Л. А. Оперно-хоровое творчество композиторов Казахстана. – А., 1991.
5. Бейсалиева Д. Некоторые вопросы музыкальной драматургии оперы А.Жубанова и Л.Хамиди «Абай».

РЕЗЮМЕ

Айнабекова Н.Т., магистр-преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ КАЗАХСКИХ КЛАССИЧЕСКИХ ОПЕРНЫХ ХОРОВ В ПРОЦЕССЕ ОБУЧЕНИЯ

Данная статья рассматривает проблему использования хоров из казахских опер, в процессе обучения студенческих хоров педагогических училищ, университетов, музыкальных колледжей.

Ключевые слова: оперные хоры, казахская национальная опера, процесс обучения.

SUMMARY

*Aynabekova N.T., master, teacher
(city Almaty, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

THE USE OF THE KAZAKH CLASSICAL OPERA CHORUSES IN THE LEARNING PROCESS

This paper considers the problem of the use of choirs from Kazakh operas, in the learning process of students' choir teacher training colleges, universities, music colleges.

Keywords: opera choruses, Kazakh National Opera, the learning process.

УДК 78

ФОЛЬКЛОРНОЕ СТИХОСЛОЖЕНИЕ И НЕКОТОРЫЕ ОСОБЕННОСТИ МУЗЫКАЛЬНОЙ РЕЧИ ЯКУТСКОГО ЭПОСА – ОЛОНХО

*К.И. Исаметова, старший преподаватель
(г. Алматы, Казахский государственный
женский педагогический университет)*

Аннотация: В данной статье затронуты вопросы взаимосвязи и взаимодействия поэтического и музыкального начал. Также прослежен определенный параллелизм организации стиха и мелодики песен.

Ключевые слова: эпическое искусство, олонхо, сингармонизм, аллитерация, ритмика речи, звуковая форма стиха, фонетический строй, ритмоинтонация.

Якутский эпос относится к древнейшему эпосу тюркоязычных народов, запечатлевшему наиболее архаические особенности эпического жанра. Возникновение народного стихосложения связано с пением и музыкой. Это взаимообусловило связь, которая проявляется на различных уровнях, различных сторонах музыкально-поэтического искусства. Так, метрика и ритмика устной поэтической речи определяются особенностями звуковой системы вокализма того или иного языка.

Вера древних людей в магическую силу слова способствовала рождению образной речи, настойчивые обращения с мольбой к духам и богам приводили к повторению особо значащих слов, словосочетаний и фраз, ритмически организующих речь, что было характерно для обрядовой поэзии.

Стихи олонхо – новый этап в эволюции поэтической речи. В этом процессе большую роль сыграла эпическая традиция исполнения олонхо, заключающаяся в сопровождении вдохновенного повествования протяжным пением.

Звуковой строй якутского стиха имеет теснейшую связь с основными закономерностями фонетики якутского языка, в частности, с господствующим в ней законом сингармонизма. Этот фонетический закон, действуя в пределах одного слова, распространяется также на аффиксацию и на образование сложных или парных слов. Например: Туналбаннаах Туйаарыма – Куо.

Определенные закономерности в якутском языке существуют также и в области употребления в слове согласных звуков. Например, некоторые согласные не могут быть начинающими или замыкающими слово, а также в начале и в конце слова, как правило, не

встречается более одного согласного. Якутский язык вообще не терпит большого стечения согласных звуков в одном месте.

Шесть основных согласных – к, с, т, х, б, д начинают огромное большинство слов. Частые повторения этих звуков в стихотворной строке или строфе образуют аллитерацию.

Согласные звуки постепенно теряют свою силу по направлению от начала к концу слова, тогда как, гласные звуки – усиливаются. Такая особенность фонетического строения слова находит свое отражение в ритмике речи и в музыкальной ритмике якутских песен. Преобладание согласных в начале слова приводит в ритмике к преобладанию коротких ритмических длительностей. Усиление же в конце гласных и естественное стремление к их выделению приводит к замедлению темпа песенной речи и появлению долгих длительностей. Эта тенденция от кратких к длинным, естественно, часто может выступать в качестве ритмического параллелизма фонетической последовательности в слове.

Лингвисты, характеризуя фонетические особенности якутского языка, давно отметили аллитерацию, как главный признак народного стиха. «Аллитерация, писал О.Н. Бетлингк (создатель первой научной грамматики якутского языка) – составляет самое большое и почти единственное украшение якутских сказок, песен и импровизаций».

Үтүө дойду өтөн кыыллаах,
Толуу дойду тойон кыыллаах,
Модун дойду мохсоҕол кыыллаах,
Киэн дойду кэбэ кыыллаах.

П.А.Ойунский (якутский писатель, ученый-филолог) различал 2 основных вида аллитерации в якутской народной поэзии: т.н. вертикальную и линейную (междустиховая и междусловная).

Таким образом якутское народное стихосложение имеет своеобразную высокую звуковую организацию, в которой уже были заложены основы многообразия и разностороннего развития различных средств инструментровки стиха.

Кроме того, в якутской народной поэзии высоко развита звукопись на основе различных эмоционально окрашенных звукосочетаний и очень большого количества звукоподражательных образных слов, которые имеются в якутском языке. Подчеркивая большой удельный вес образных слов в смысле изобразительных средств олонхо и указывая на тесную связь поэтической семантики с поэтической фонетикой олонхо, фольклорист Г.У.Эргис писал, что «звукописью народные певцы передают связь между звучанием и впечатлением образа».

В этой связи, хотелось бы обратить внимание на то, что основной глубинной чертой выразительности музыкальной интонации в некоторых стилях якутского пения является не самостоятельная интонационная выразительность. Такая песенная речь воспринимается, прежде всего, как специфическое усиление музыкальными средствами звуковой инструментровки стиха. Певец в данном случае относится к интонации, как к важному средству донесения звуковой формы стиха, которая, как уже отмечалось, сама является носителем содержательности.

В связи с этим следует отметить, что интонационное начало речи, резонируя с фонетическим строем стиха, становится его просодическим выражением. Такая интонационная оформленность речи придает ей качественность, образуя резонансную тембральность стиха. Кроме того, она наполняет её и интонационным тонусом. Здесь очень важно учитывать, что интонационно-музыкальный компонент речи решает проблему «как» произнесено. Её задачей является произносительное оформление. Интонация здесь не музыка сама по себе, а музыка словесной речи стиха.

Музыкально-просодический компонент заботится прежде всего о качестве поэтической речи. Благодаря ему речь становится или натуралистичной, или богатой эмоциональными оттенками, обретает волевою устремленность или эпический пафос, становится угрожающей или напротив мягкой и т.д. По ходу действия формула раскрывается самым различным образом.

Может быть именно поэтому с точки зрения обычных представлений, упрощенный и даже примитивный ладоинтонационный строй, ограничивающийся часто двумя звуками, неразвитый в звуковысотном отношении, имеет здесь только какую-то переходную ступень от первичной ритмичности, присущей всякой художественной речи, к той развитой ритмической структуре стиха, которая характерна для более поздних форм стихосложения.

При таком положении, когда стих не имеет ясно выраженного ритмического строя, не всегда легко можно отличить стих от прозы. Неслучайно во многих ранних публикациях якутского фольклора олонхо печаталось сплошным текстом, как проза, без разбивки на стихи. Дело в том, что ритмика стиха олонхо, взятая в целом, весьма неустойчива и изменчива. Она постоянно меняется, складывается как-будто совершенно свободно, внешне не подчиняясь каким-либо законам и обязательным правилам. Стихи различной величины по числу слогов и слов, здесь сменяются и чередуются в зависимости от образной структуры и смыслового членения текста.

Олонхо сказывается в быстром темпе. Сказитель произносит каждый стих четко, переводя дыхание после каждого законченного периода. Вообще народная стихотворная речь в исполнении олонхосутов не насыщена паузами. Принято даже говорить скороговоркой. Олонхосут, исполняя песни олонхо, в конце каждого периода переходит на «дъиэрэтии», т.е. заливаясь голосом на ассонансах. Так, каждый период в песне служит для мелодического её деления, т.е. для периодической смены речитатива и вокальной каденции. Следует отметить, что чем короче фраза (период), тем исполнение может проходить в более замедленном темпе и наоборот.

Таким образом целые фразы – тирады или периоды, представляющие собой эмбриональные строфы, в известной мере определяют и темп, и ритм стиха. Составляя целостное единство, они объединяют в себе более дробные ритмические отрезки речи, а именно – стихотворные строки. Композиционно этому принципу отвечает и строение песни: мелодия – формула и её вариантное повторение.

Строка или стих – есть наиболее законченная и полновесная единица ритма в якутском народном стихосложении. Стих в народной поэзии всегда имеет свои грамматические границы, представляя собой определенную синтаксическую группу (синтагму). Народный стих не знает ни цезуры, ни переноса.

Будучи вполне законченным речевым отрезком, стих обычно фиксируется спереди, если не строфической аллитерацией, то особым акцентом, начинающим стих, а в конце – замыкается отчетливо слышимой ритмообразующей паузой, где известное повышение голоса в связи с остановкой совпадает обыкновенно с созвучной концовкой, возникающей при синтаксическом параллелизме.

Народное стихосложение не могло не учесть наличие в языке ритмического словораздела. Поэтому при всей видимой неравномерности и несоизмеримости в устной народной поэзии, все же наблюдается определенное тяготение к уравниванию количества слов во всех ритмически связанных соседних стихах. Каждое слово выступает как носитель ударения. Это говорит о том, что якутский стих уже в его фольклорной стадии не совсем глух к тоническому началу. Появление тоничности связано с действием музыкально-ритмических факторов и, конкретно, с ритмоинтонацией стиха.

В литературе последнего времени проводится четкая грань, отличающая профессиональное искусство, которое ориентировано на такой результат творчества, как музыкальное произведение, и собственно фольклорную традицию, где музыкальная деятельность воплощается в конкретном, каждый раз рождаемом заново, акте музицирования. Эта различная ориентация художественного творчества диктует и определяет различное значение таких сторон музыкальной выразительности, как лад, ритмика, метр, интонация и т.д. Например, даже форма в музыкальном фольклоре, как известно, в значительной степени может подчиняться внешним экстрамузыкальным факторам. Так, Е.В.Назайкинский в «Логике музыкальных композиций» пишет, что «... в народной песне музыка организуется во времени текстом, его формой и содержанием,

фабулой, ритуальной деятельностью, обрядом, естественными музыкальными условиями – конситуацией, в которую пение вплетено... Музыка здесь сама по себе не является ещё основой временной организации». Справедливая и многократно подтвержденная в музыкально-этнографических исследованиях (Земцовский, Рубец) мысль. Она остро ставит вопрос о правомерности изучения образцов народной музыки вне контекстуальной «ауры». Что же касается эпической традиции, то ситуация здесь несколько меняется.

Якутская эпическая традиция, как и в целом эпическое творчество, представляет собой становление и стадию профессионального искусства. Пусть, в пределах фольклора, но в связи с эпическим искусством происходит отделение певца – сказителя от слушателей. Такое выделение профессиональных певцов сопровождалось не просто выработкой профессионального мастерства, но и формированием особой народной музыкально-поэтической системы, находящей свою материализацию в стадияльно последующих, оносительно «чистого фольклора» типах ладовых и ритмических моделей. Влияние же профессионального искусства на фольклор всегда мощно и значительно изменяет весь его строй, как художественного творчества.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Алексеев Э. Некоторые особенности звуковысотной организации традиционной якутской мелодики, в кн.: Музыкальная фольклористика. – М., 1973. – С.138-173. Алексеев Э. Раннефольклорное интонирование. – М., 1986.
2. Бердибаев Р. Роль сказителя в системе эпической традиции тюрко-монгольских народов. Советская тюркология. 1979, №3. – С. 20-24.
3. Васильев Г. Якутское стихосложение. – Якутск, 1965.
4. Дмитриев П. Ойунский и героический эпос олонхо, в кн.: Эпическое творчество народов Сибири. – У-Удэ, 1973. – С. 51-52.
5. Жирмунский В. Ритмико-синтаксический параллелизм как основа древнетюркского народного эпического стиха. Вопросы музыкознания. 1964, №4.
6. Кривошапко Г. О музыке олонхо. Полярная звезда. 1971, №4. – С.120-124.
7. Назайкинский Е. Логика музыкальных композиций. – М., 1982.
8. Пухов И. Якутский героический эпос олонхо. – М., 1962.
9. Сивцев. Д. Саха фольклора. – Якутск, 1970.
10. Хамраев М. Очерки теории тюркского стиха. – А-Ата, 1969.
11. Харлап М. Ритм и метр в музыке устной традиции. – М., 1986.
12. Барашков П. Звуковой состав якутского языка. – Якутск, 1953.

ТҮЙІНДЕМЕ

Исаметова К.И., ага оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

ЯКУТ ХАЛҚЫНЫҢ МУЗЫКАЛЫ-ПОЭТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автордың пайымдауынша якут халқының поэтикалық шығармашылығы мен музыкалық-поэтикалық тұсы өзара тығыз байланысты ғана емес, сонымен қатар үйлесімді де, бір-бірін толықтыра түсетін әсері бар. Эпикалық әуенділіктің өзіндік ерекшелігі поэтикалық тілінің басты заңдылығына айналады. Яғни, поэтикалық тілінің қалыптасу кезеңінде музыкалық әуенділігі басым келеді.

Түйін сөздер: эпикалық өнер, олонхо, сингармонизм, аллитерация, сөйлеу ырғағы, өлеңнің әуезді түрі, фонетикалық құрылым, ырғақты интонация.

SUMMARY

*Isametova K.I., senior lecturer of Department of the musical instruments
(Almaty city, Kazakh State Women's Teacher Training University)*

FOLK VERSE AND SOME FEATURES OF MUSICAL SPEECH OF THE YAKUT OLONKHO IS EPIC

The article deals private observations of the author over the peculiarities of jakut poetics and the correlations between musical and poetry beginning are suggested, that it interact with each other actively. Characteristic features of the epic melody were predetermined by basic patterns of poetic language. On the other hand, a music beginning is an active factor in organization of poetic speech.

Keywords: epic arts, the olonkho, vowel harmony, alliteration, rhythm, speech sound form of verse, a phonetic system, ritmo intonation.